Ембі қызмет көрсету саласы колледжі

Индустриялық кеңесі

2021 жыл

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2020 ж. 31.12 № 566

НҰР-СҰЛТАН қаласы

№ 5

город НУР-СУЛТАН

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында индустриялық кеңестің қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымды бекіту туралы

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 25) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында индустриялық кеңестің қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсыным бекітілсін.

2. Техникалық және кәсіптік білім департаменті (Н.Оспанова) осы бұйрықты облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының білім және ғылым вице-министрі Ш.Т. Кариноваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр А. Аймағамбетов

004456

Бланк серийлық нөмірлік жарамсыз болып табылады.
Бланк без серийного номера недействителен.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 ж 12 № 566
бұйрығына қосымша

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында индустриялық кеңестің қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

1-бөлім. Жалпы ережелер

1.Осы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында индустриялық кеңестің (бұдан әрі – ИК) қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар оларды құру кезінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді.

2. ИК қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсыным «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 25) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3.ИК консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2-бөлім. ИК қызметінің тәртібі

4.ИК қызметінің негізгі мақсаты ТжКБ ұйымдарында іске асырылатын білім беру бағдарламаларының өзектілігі, сапасы мен стратегиялық қажеттілігіне қатысты консультациялар мен ұсынымдар беру болып табылады.

5. ИК қызметінің негізгі міндеттері:

1) ТжКБ білім беру бағдарламаларының өзектілігін қамтамасыз ету үшін мазмұнын қарастыру;

2) білім беру ұйымдарының бейіні бойынша сала кәсіпорындарымен олардың практикалық сабақтарды ұйымдастыруға және түлектерді жұмысқа орналастыруға қатысуын кеңейту мақсатында байланыс жасауға жәрдемдесу;

3) түлектердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ететін дағдыларды талап ететін саланың ағымдағы үрдістері, технологиялық өзгерістер туралы ақпарат беру;

4) жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу мүмкіндіктері туралы кеңес беру;

5) білім беру мекемесінің оқу процесіне тиісті саланың кәсіпорындарын тарту бойынша ұсыныстар қалыптастыру;

6) студенттерге стипендиялар мен сыйлықтар тағайындауға жәрдемдесу;

7) оқу орнына зертханаларда, шеберханаларда және басқа да объектілерде қажетті оқу-өндірістік жабдықтар бойынша консультация беру;

8) Сала кәсіпорындарымен әріптестік қарым-қатынастарды дамытуда оқу орнына көмектесу.

6. ИК негізгі функциялары:

1) кәсіпорындардың талаптарына сәйкес келетін нақты технологиялық процестерге кадрлар даярлауды қамтамасыз ету;

2) бітірушілердің кәсіпорында бейімделу мерзімін қысқарту;

3) орта мерзімді перспективада өзінің білім беру күш-жігерінің нәтижесінде салынған капиталдан үлкен қайтарымға қол жеткізу;

4) қосымша оқытуға жұмсалатын шығындарды төмендету;

5) оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеуге қатысу және оқу орнын оқыту бағдарламасын нақты өндіріске қайта бағдарлау;

6) кәсіпорындар тарапынан білім беру ұйымдарын қаржыландыру көлемін ұлғайтуға жәрдемдесу;

7) өндірістік оқыту және кәсіптік практика кезеңінде еңбекақы төлеу мәселесін шешу;

8) өндірісте (машиналар, қондырғылар, жұмыс процестері және т.б.) нақты жағдайларда оқытуды ұйымдастыру мәселесін шешу;

9) еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс теңгерімін қамтамасыз ету;

10) жұмыссыз жастар деңгейін төмендету;

11) ТжКБ жүйесін тиімді басқару және оның сапасын қамтамасыз ету.

7. ИК төрағасы тиісті саладағы компанияларды, кәсіпорындарды білдіретін ИК мүшелері арасынан сайланады. Ол ИК қызметіне басшылық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын орынбасары орындайды.

8. ИК құрамына ТжКБ ұйымының өкілі, оның студенттері мен түлектері, дауыс беру құқығы жоқ консультанттар кіреді.

9. ИК бірнеше комитеттерден тұруы мүмкін, олардың әрқайсысы жеке білім беру бағдарламалары бойынша кеңес береді. Әрбір комитет қаралатын бағдарламаға сәйкес келетін нақты кәсіби саламен байланысты тәжірибесі мен білімі бар тиісті компаниялардың, кәсіпорындардың, салалық және/немесе кәсіптік қауымдастықтардың басшылары және/немесе мамандары, білім беру ұйымдары болып табылатын 6-12 тағайындалған мүшелерден тұруы мүмкін.

10. ИК-нің жұмыс органы ТжКБ ұйымын қолдау қызметі болып табылады, ол:

1) ИК отырыстарының күн тәртібін қалыптастырады;

2) ИК барлық шешімдерін ресімдеуді қамтамасыз етеді;

3) ТжКБ білім беру ұйымы мен ИК мүшелері арасындағы жұмысты үйлестіреді.

11. ИК және бағдарлама комитеттері отырыстарының ұсынымдарын іске асыру үшін куратор жауапты болады.

12.Төраға Индустриялық кеңес пен комитеттердің отырыстарын шақырып, бағдарламаның тиісті жетекшісімен кеңес беру бойынша күн тәртібін айқындайтын болады.

13.Комитеттердің отырыстары Төрағаның немесе комитеттердің, бағдарлама кураторының немесе мүшелерінің көпшілігінің талап етуі бойынша жиі кездесу мүмкіндігімен жылына кемінде бір рет өткізілуі мүмкін.

14. Дауыс берушілердің 50% қатысса, кворум заңды болып саналады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға шешуші дауысқа ие болады.

Ембі қызмет көрсету
саласы колледжінің
Индустриялық кеңесінде
қарап бекітілді

Бекітемін
Ембі қызмет көрсету саласы
колледжінің директоры
Ж.Оразханов

«Ембі қызмет көрсету саласы колледжі» КММ
Индустриялық кеңесінің
Ережесі

1.Аталған Ереже ҚР Ғылым мен білім Министрлігінің 31.12.2020ж №566 шы «Техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім бер ұйымдарында индустриялық кеңестің бұдан әрі ИК қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсыным бекіту туралы бұйрығы мен кәсіптік білім беру ұйымдарының қызметі туралы құқықтық нормативтік актылерді негізге ала отырып жасалды.

2. ИК қызметінің негізгі мақсаты ТжКБ ұйымдарында іске асырылатын білім беру бағдарламаларының өзектілігі, сапасы мен стратегиялық қажетілігіне қатысты консултациялар мен ұстанымдар беру болып табылады.

3. ИК қызметінің негізгі міндеттері:

1) ТжКБ білім беру бағдарламаларының өзектілігін қамтамасыз ету үшін мазмұнын қарастыру;

2) білім беру ұйымдарының бейіні бойынша сала кәсіпорындарымен олардың практикалық сабақтарды ұйымдастыруға және түлектерді жұмысқа орналастыруға қатысуын кеңейту мақсатында байланыс жасауға жәрдемдесу;

3) түлектердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ететін дағдыларды талап ететін саланың ағымдағы үрдістері, технологиялық өзгерістер туралы ақпарат беру;

4) жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу мүмкіндіктері туралы кеңес беру;

5) білім беру мекемесінің оқу процесіне тиісті саланың кәсіпорындарын тарту бойынша ұсыныстар қалыптастыру;

6) студенттерге стипендиялар мен сыйлықтар тағайындауға жәрдемдесу;

7) оқу орнына зертханаларда, шеберханаларда және басқа да объектілерде қажетті оқу – өндірістік жабдықтар бойынша консультация беру;

8) Сала кәсіпорындарымен әріптестік қарым – қатынастарды дамытуда оқу орнына көмектесу.

6. ИК негізгі функциялары:

1) кәсіпорындардың талаптарына сәйкес келетін нақты технологиялық процестерге кадрлар қамтамасыз ету;

2)бітірушілердің кәсіорында бейімделу мерзімін қысқарту;

3) орта мерзімді перспективада өзінің білім беру күш – жігерінің нәтижесінде салынған капиталдан үлкен қайтарымға қол жеткізу;

4) қосымша оқытуға жұмсалатын шығындарды төмендету;

5) оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеуге қатысу және оқу орнын оқыту бағдарламасын нақты өндіріске қайта бағдарлау;

6) кәсіпорындар тарапынан білім беру ұйымдарын қаржыландыру көлемін ұлғайтуға жәрдемдесу;

7) өндірістік оқыту және кәсіптік практика кезеңінде еңбекақы төлеу мәселесін шешу;

8) өндірісте (машиналар, қондырғылар, жұмыс процестері және т.б) нақты жағдайларда оқытуды ұйымдастыру мәселесін шешу;

9) еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс теңгерімін қамтамасыз ету;

10)жұмыссыз жастар деңгейін төмендету;

11) ТжКБ жүйесін тиімді басқару және оның сапасын қамтамасыз ету.

7. ИК төрағасы тиісті саладағы компанияларды, кәсіпорындарды білдіретін ИК мүшелерін арасынан сайланады. Ол ИК қызметіне басшылық етеді, оның жұмысын

жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын орынбасары орындайды.

8. ИК құрамына ТжКБ ұйымының өкілі, оның студенттері мен түлектері, дауыс беру құқығы жоқ консультанттар кіреді.

9.ИК бірнеше комитеттерден тұруы мүмкін, олардың әрқайсысы жеке білім беру бағдарламалары бойынша кеңес береді. Әрбір комитет қаралатын бағдарламаға сәйкес келетін нақты кәсіби саламен байланысты тәжірибесі мен білімі бар тиісті компаниялардың, кәсіпорындардың, салалық және/немесе кәсіптік қауымдастықтардың басшылары және/немесе мамандары, білім беру ұйымдары болып табылатын 6-12 тағайындалған мүшелерден тұруы мүмкін.

10. ИК – ның жұмыс органы ТжКБ ұйымын қолдау қызметі болып табылады, ол:

1) ИК отырыстарының күн тәртібін қалыптастырады;

2) ИК барлық шешімдерін рәсімдеуді қамтамасыз етеді;

3) ТжКБ білім беру ұйымы мен ИК мүшелері арасындағы жұмысты үйлестіреді.

11. ИК және бағдарлама комитеттері отырыстарының ұсынымдарын іске асыру үшін куратор жауапты болады.

12.Төраға Индустриялық кеңес пен комитеттердің отырыстарын шақырып, бағдарламаның тиісті жетекшісімен кеңес беру бойынша күн тәртібін айқындайтын болады.

13.Комитеттердің отырыстары Төрағаның немесе комитеттердің, бағдарлама кураторының немес мүшелерінің көпшілігінің талап етуі бойынша жиі кездесу мүмкіндігімен жылына кемінде бір рет өткізілуі мүмкін.

14. Дауыс берушілердің 50% қатысса, кворум заңды болып саналады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға шешуші дауысқа ие болады.

Ембі қызмет көрсету саласы колледжі

Ембі қаласы Бұйрық № 26 05.04.2021ж

. «**Индустриялық кеңес мүшелерін бекіту туралы»**

ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің 2020 ж 13 желтоқсандағы № 566 бұйрығы, Ақтөбе облысының білім басқармасы 29.03.2021ж №3-4135 хаты негізінде

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:

Ембі қызмет көрсету саласы колледж КММ бойынша Индустриялық кеңес төмендегі құрамда бекітілсін:

1. Қиясов Сайлау Қанапияұлы – «Айналайын» ЖШС директоры
2. Сарбасов Наурызбек Жұмабекұлы – «Адсана» ЖШС – ң басшысы (келісіммен)
3. Айдарханова Айгерім – Ембі қаласы жұмыспен қамту бөлімінің маманы (келісіммен)
4. Темірғалиев Т – «Малик» ЖШС – ң төрағасы
5. Бекжанов К – Директордың оқу өндіріс ісі жөніндегі орынбасары
6. Таубаев Е – ардагер
7. Сапин Б – ЖК «Сапин Б» (келісіммен)
8. Барышев А – ЖК «Барышев» (келісіммен)

Дауыс беру құқығы жоқ кеңес мүшелері:

1. Баешова Феризат Сидагалиевна – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
2. Саматова Ботакоз Саматовна – колледж түлегі
3. Избасар Ғалым Қабылұлы – білім алушы

Колледж директоры: Ж.Оразханов

«Бекітемін»
Ембі қызмет көрсету саласы
колледжінің директоры
Ж.Оразханов

«Ембі қызмет көрсету саласы колледжі» КММ
Индустриялық кеңесінің
2020 – 2021 жылдарға арналған жұмыс жоспары

№	Өткізілетін іс шара	Өткізу күні	Орындалу
1	**№1 отырыс** 1.Ембі қызмет көрсету саласы колледжі КММ индустриялық кеңесінің төрағасы мен орынбасарларын сайлау бекіту. 2.Индустриялық кеңес құрамы мен салалар бойынша басшыларды бекіту 3.Ембі қызмет көрсету саласы колледжі индустриялық кеңесінің ережесін талқылау бекіту	05.04.2021ж	Баешова Ф.С
2	**№2 отырыс** Жұмыс жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекітетін салалық комитеттер құру. - Фермер шаруашылығы мен ауыл шаруашылығындағы жөндеу мен қызмет көрсету, өндірістегі электормеханикалық жабдықтар, дәнекерлеу ісі мамандықтары салалары комитеті (1504000,1501000,1115000,1114000) - Тамақтандыруды ұйымдастыру мамандығы саласы комитеті (0508000) - Есеп және аудит, Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету саласы комитеті (0518000,1304000)	26.08.2021	ИК мүшелері
	Колледж студенттерін әлеуметтік серіктестер базасында орналастыру үшін әлеуметтік серіктестерді тарту		
	Түлектерді жұмысқа орналастыру мәселелері. Олардың практикадан өтуі мен жұмысқа орналастыруын қарастыру		
	Өндіріс шеберлері мен инженер – педагог кадрларды жергілікті өндіріс орындарына стажировыден өткізу мәселесі		
	Құрылған комитеттердің жасаған оқу бағдарламаларының нақты әлеуметтік серіктестердің сұраныстарына сай келуі		
	Білім беру ұйымдарындағы шеберханалар мен зертханалардағы құрал жабдықтарды пайдалануға қажетті кеңестер алу (беру)		
	Білім беру ұйымы мен серіктестіктер арасындағы байланысты нығайтуға ықпал ету		
3	**№3 отырыс** 1. КжТБ – дегі оқу бағдарламаларының өзектілігін қамтамасыз ету 2.Өндіріс орындары мен салалар бойынша (ТжКБ) мамандықтар негізінде байланысты нығайту және түлектердің практикадан өту мен жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін келтіру. 3.Салалар бойынша ағымды жағдайды және технологиялық өзгерістер мен тәжірибені қажет ететін мүмкіншіліктерді ақпараттық қамтамасыз етіп отыру. 4.Жаңа оқу бағдарламаларын енгізу мүмкіндіктеріне кеңес беру. 5.Мекемелердің салалар бойынша оқу орнының оқу процестеріне кеңес беру мүмкіндіктерін қалыптастыру.	26.12.2021	ИК мүшелері

Ембі қызмет көрсету саласы колледжінің Индустриялық кеңес отырысында қаралған мәселелер. М

Күн тәртібінде:

1. Ембі қызмет көрсету саласы колледжінің директоры Ж.Оразхановтың баяндамасы
2. Ембі қызмет көрсету саласы колледжі Индустриялық кеңесіне төраға оның орынбасары мен құрамын бекіту
3. Салалар бойынша комитет басшылары мен құрамын бекіту
4. Ембі қызмет көрсету саласы колледжі Индустриялық кеңесін ережесін қарап бекіту.

1 – сұрақ бойынша колледж директоры Ж.Оразханов төмендегі мәселелерге тоқталды:

27.07.2007 ж ҚР «Білім туралы» заңының 25 тарау 5 тармақшасындағы 2020 – 2025 ж Қазақстандағы білім мен ғылымда дамытуға арналған іс – шараларды орындауға арналған ҚР Үкіметінің 27.12.2019ж №988 ж Қаулысы мен ҚР Білім мен ғылым министрлігінің № 566 31.12.2020ж бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына әдістеме көмек беру мақсатында индустриялық кеңес құру қажеттілігіне тоқталды.

Аталған күн тәртібіндегі мәселе бойынша Ембі қызмет көрсету саласы колледжі бойынша индустриялық кеңес құру туралы шешім қабылданды.

Индустриялық кеңес қызметінің негізгі мақсаты ТжКБ ұйымдарында іске асырылатын білім беру бағдарламаларының өзектілігі, сапасы мен стратегиялық қажеттілігіне қатысты консультациялармен ұстанымдар беру болып табылады.

Индустриялық кеңес консультативтік – кеңесші орган болып табылады.

2 – сұрақ бойынша индустриялық кеңес мүшелері бекітілді (тізімі қоса беріледі)

Индустриялық кеңес төрағасы болып бірауыздан «Айналайын» ЖШС директоры С.Қиясов сайланды.

Төрағасының орынбасары болып «АдСана» ЖШС – ң директоры Н.Сарбасов сайланды.

3 – сұрақ негізінде Ембі қызмет көрсету саласы колледжінің индустриялық кеңес ережесі талқыланып бекітілді (ереже қоса беріледі)

ИК төрағасы: С.Қиясов

ИК хатшысы: Ф.Баешова

«бекітемін»

Колледж директоры: Ж.Оразханов

«Ембі қызмет көрсету саласы колледжі»КММ

Индустриялдық кеңесінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспары және отырыстары

№	Өткізілетін іс-шаралар	Өткізу уақыты	Жауапты
1	1-отырыс 1. Колледждің индустриялдық кеңесінің құрамын қайта сайлау, бекіту 2. 2022 жылғы жұмыс жоспарымен таныстыру Колледж индустриялдық кеңесінің ережесімен қайта таныстыру	15.02.22	ИК мүшелері
2	2- отырыс 1. Жұмыс жоспарлары мен үлгілік үлгілік оқу бағдарламаларын бекітетін комитет құру 2. Жаңа оқу жылының қабылданған мамандықтар бойынша жоспарларды талқылау 3. Мемлекеттік емтиханға қатысу кестесімен танысу	06.06.22	Ик мүшелері
3	3- отырыс КжТБ дегі бағдарламаның өзектілігін қамтамасыз ету Өндіріс орындары мен салалар бойынша ТжКБ мамандықтар негізінде байланысты нығайтужәне түлектердің практикадан өту мен жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін келтіру Жаңа оқу бағдарламасын енгізу мүмкіндіктеріне кеңес беру	15.11.22ж	ИК мүшелері

№	Өткізілетін іс-шаралар	Өткізу уақыты	Жауапты
1	Мемлекеттік емтиханға қатысу	Уақытында	ИК мүшелері
2	Бітіруші түлектермен кездесу	Сәуір	ИК төрағасы
3	Арнайы пән оқытушыларын, оқу өндіріс шеберлерін тағылымдамадан өткізу туралы	Уақытында	ИК жеке кәсіпкерлер
4	Құзыретті мамандарды даярлауға қатысты консультациялық және сараптамалық көмек көрсету	Уақытында	ИК мүшелері
5	Оқу жоспарларының орындалуын бақылау және бағалау	Жыл бойы	ИК мүшелері
6	Оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жетілдіру және түпкілікті бекіту бойынша ұсыныстарды қарастыру және әзірлеу	Уақытында	ИК мүшелері

7	Білім беру мекемесі мен аймақтың ірі кәсіпорындары, «Атамекен»аймақтық кәсіпкерлер палатасы арасындағы қатынастардың дамуына көмек көрсету	Жыл бойы	ИК мүшелері
8	Мемлекеттік тапсырыстар туралы кеңесу	Уақытында	ИК мүшелері
9	Кезекті отырыстарға қатысу	Мерзімін,де	ИК мүшелері

Индустриалдық кеңес төрағасы: С. Қиясов

Индустриалдық кеңес хатшысы Ф.С.Баешова

Ембі қызмет көрсету саласы колледжі

Ембі қаласы Бұйрық № 20 01.03.2022ж

«Индустриялық кеңес мүшелерін бекіту туралы»

ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің 2020 ж 13 желтоқсандағы № 566 бұйрығы, Ақтөбе облысының басқармасы 29.03.2021ж №3 – 4135 хаты негізінде

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:

Ембі қызмет көрсету саласы колледжі КММ бойынша Индустриялық кеңес төмендегі құрамда бекітілсін:

1. Қиясов Сайлау Қанапияұлы – « Айналайын» ЖШС директоры
2. Сарбасов Наурызбек Жұмабекұлы – «АДСАНА» ЖШС – ң басшысы (келісіммен)
3. Айдарханова Айгерім – Ембі қаласының жұмыспен қамту бөлімінің маманы (келісіммен)
4. Темірғалиев Т. – «Малик» ЖШС –ң төрағасы
5. Бекжанов К. – Директорының оқу өндіріс ісі жөніндегі орынбасары
6. Шегеров А– ЖК кәсіпкер
7. Сагитов Ш.Х- Электр жүйесі ЖШС
8. Сүндетов Н.А – ЖК «Сундетов» (келісіммен)
9. Жанзакова А.Ж- бухгалтер ОМ№2

Дұрыс беру құқығы жоқ кеңес мүшелері:

1. Баешова Феризат Сидагалиевна – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
2. Саматова Ботакөз Саматовна – колледж түлегі
3. Уразаев Даурен Сұңғатұлы – білім алушы

Колледж директоры: Ж.Оразханов